

УДК 91

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ЖУАЛЫ АУДАНЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ДАМУ ГЕОГРАФИЯСЫ


Амангелдиева Нұрай Бахытқызы

nurayamangeldi@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдар факультетінің Физикалық және экономикалық география кафедрасының «5В060900-География» мамандығының 3 курс студенті. Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – П.ғ.д. профессор А.А.Саипов

Іргетасы 1928 жылы қыркүйек айының 3-ші жұлдызында бұрынғы Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысының құрамында құрылып, кейінірек 1951 жылдың наурыз айында Жамбыл облысының құрамына берілген Жуалы ауданы физикалық-географиялық орны бойынша еліміздің территориясының оңтүстігінде орналасқан. Географиялық координаттар бойынша шамамен $42^{\circ}31'40''$ с. е. $70^{\circ}45'35''$ ш. б. аралығында жатыр. Аудан Жамбыл облысының оңтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлініс. Жер көлемі бойынша салыстырмалы түрде облыстағы ең кіші аудандардың қатарына кіреді. Жалпы жер ауданы 4,2 шаршы шақырым. Облыс аумағының 2,9%-ын құрайды. Орталығы – Бауыржан Момышұлы ауылы. Аудан аумағы солтүстігінде Жамбыл облысының Талас ауданымен, солтүстік-шығысында Жамбыл ауданымен, оңтүстік-шығысында Қырғызстан Республикасымен, оңтүстік-батысында Өзбекстан Республикасымен, оңтүстігінде Түркістан облысымен шекараласып жатыр.



1-сурет. Жамбыл облысы әкімшілік-аудандық бөлініс картасы.

Ауданның елді мекендерімен ішкі байланыс республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар жолдармен жүзеге асырылып, аудан орталығы – ірі теміржол вокзалы болғанымен, Жуалы ауданының экономикасын дамытудың басты бағыты агроөнеркәсіптік кешен болып саналады. Мұндағы агроөнеркәсіп кешенінің қалыптасуы мен дамуына ықпал етуші физикалық-географиялық факторларының ерекшеліктері былайша сипатталады. Біріншіден, климаттық жағдайы бойынша қарастырсақ, айданға құрғақ және шұғыл континенталды климат типі тән. Аудан агроклиматтық типі бойынша келесі түрлерге бөлінеді:

1. өте құрғақ тау бөктері, солтүстік тау бөктері;
2. Жуалы ауданының қалған бөлігін орташа қуаң және орташа ыстық аумақ алып жатыр.

Қысы ұзақ және суық. 5 ай бойы теріс орташа айлық ауа температурасы (-8 °С) сақталады. Жазы ыстық (+24°С). Аудан аумағында жауын-шашын біркелкі емес. Ауданның батыс бөлігіндегі тауларда көктемде ылғалдың көп мөлшері түседі, орташа жылдық мөлшері 636 мм жетеді. Жазда, әсіресе екінші жартысында, жауын-шашын аз болады. Климаттық жағдайлар ауылшаруашылық өндірісінің әртүрлі салаларының дамуына жағымды әсер етеді. Жауын-шашын көп түсетін таулы жерлерде тәлімі егіншілік дамыған. Негізінен жаздық дәнді дақылдар өсіріледі, өйткені күздік бидай қыстауға шыдамайды. Суармалы жерлерде картоп пен көкөніс өсіріледі. Көгалдандыру шараларын дамыту мүмкіндігі байқалады. Көкөністерді өсіру кезінде көктемгі аяз қиындық тудырады. Ауданның солтүстік-шығыс бөлігінде ылғалдың төмен деңгейіне сәйкес егін шаруашылығы қосымша суару арқылы жүргізіледі. Жазғы және көктемгі-күзгі уақытта тау беткейлері жайылым ретінде пайдаланылады, ірі қара мал, қой мен жылқы өсіріледі.

Екіншіден, Қаратау сілемдері болып табылатын Боралдайтау ауданның оңтүстік-батыс бөлігін, ал ауданның оңтүстік пен оңтүстік-шығысында Талас Алатауы жотасы өткендіктен, биік таулы аймақтың беткейлері көктемгі-күзгі және жазғы кезендерде малдың барлық түрлері үшін жайылым ретінде пайдаланылады. Бұл аймақтың жер бедерінің күрделілігіне байланысты егіншілікті жүргізу мүмкін емес. Боралдай таулары мен Қаратау жотасы арасында Жуалы қазаншұңқырының қуыс-көлбеу жазығынан 960-1500 метр қашықтықта ең құнарлы жерлер шоғырланған. Терең өзен арналарымен, жартастармен бөлінген таулы жер бедері аумақты егіншілікте пайдалануды қиындатады. Негізінен бұл жайылымдық жерлер. Ауданның таулы жерлерінде ауылшаруашылық техникаларын пайдалану қиын. Аласа таулы және тау бөктеріндегі учаскелер жайылымдық және шабындық жерлер ретінде пайдаланылады. Жайылымдарды пайдалану маусымы көктем-күз.

Үшіншіден, аудан гидрографиялық желісі бойынша жақсы дамыған және кішкентай, бірақ көптеген өзендер, бұлақтар мен бұлақтарынан көрініс табады. Аудан аумағының гидрографиясының маңызды элементі суару каналдары, тоғандар, су қоймалары болып табылады. Ауданның маңызды өзен-көлдері: Теріс өзені, Ақсай өзені, Көксай өзені, Билікөл көлі орналасқан. Нұрлыкент ауылынан төмен Теріс өзенінде егінді суару мақсатында көлемі 0,158 км³ Теріс-Ащыбұлақ су қоймасы салынған. Жер асты сулары негізінен жайылымдарды суландыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Аудан индустриялы-аграрлы бағытта дамуына қарамастан, сипатталған қолайлы физикалық-географиялық, климаттық және табиғи факторлар ауданда агроөнеркәсіпті дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер береді. 2020 жылы жарияланған Жуалы ауданының барлық жерлерін жер санаттары бойынша бөлу есебі (1-кесте) бойынша қарасақ, ауыл шаруашылық ауданның басты саласы болғандықтан, жер көлемінің көп бөлігін толықтай осы мақсатта игерілген.

1-кесте. Ауданның барлық жерлерін жер санаттары бойынша бөлу есебі (2020-2021жж.).

№	Жер санаттарының атауы	Жер аумағы, га
1	Ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлер:	210 772,0
	1) мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы заңды тұлғаларының	230 754,0

	жерлері 2) мемлекеттік ауыл шаруашылығы заңды тұлғаларының жерлері 3) шаруа қожалықтарының жерлері 4) азаматтарға бау-бақша және саяжай құрылысын жүргізу үшін берілген жерлер	3 028,0 183 990,0 -
2	Елді мекендердің жерлері	32 551,0
3	Өнеркәсіп, көлік, қорғау және басқа да бағыттағы жерлер	4 384,0
4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері	10 633,0
5	Орман қорының жері	103 861,0
6	Су қорының жері	8 615,0
7	Босалқы жер	42 882,0
	Барлығы:	413 698,0

Ауданның АӨК, негізінен, 3 саладан: мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібінен тұрады. 2020 жылы ауыл шаруашылығының жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) құрылымында пайыздық үлесі аудан бойынша 46%-ды құрады.

2-кесте. Жуалы ауданындағы ауыл шаруашылығына жарамды жер көлемі.

№	Пайдалану мақсаты	Жер аумағы, га
1	Ауыл шаруашылығы жерлері	210 772,0
2	Жалпысуармалыс егістік	8 719,0
3	Суармалы егістік	8 460,0
4	Шабындық	2 046,0
5	Жайылым	114 559,0
6	Көп жылдық екпелер	265,0

Ауданның шаруашылығының негізгі салаларының бірі – тәлімі егіншілік болып табылады. Негізінен дәнді және азықтық дақылдар, сондай-ақ көкөністер, картоп, бақша дақылдары өсіріледі. 2021 жылы азықтық дақылдар өсіруде, яғни мал азығын (пішендеме, сүрлемдік жүгері) дайындау үшін 5 кооператив құрылып, 127 гектар сүрлемдік жүгері дақылдары егілді. 2021 жылдың өнімі үшін 59 090 га алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде: 2021 жылдың өнімі үшін 29 076 га арпа, 3 705 га көп жылдық шөп (100%), 22 071 га майлы дақылдар, 707 га көкөніс, 10 га бақша, 2 660 га картоп (100 %), жүгері 861 га. Барлығы 59 090 га, 101% орындалып отыр. 2020 жылмен салыстырғанда 2208 гектарға артық орындалды.

Мал шаруашылығында ірі қара, қой, ешкі, жылқы өсіріледі. Жуалы ауданында мүйізді ірі қара малы бойынша сүт бағытында 20 820 бас аналық бар. Аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметіне қарағанда, аймақта тіркелген шаруа қожалықтардың шалғайдағы 221 мал қыстағы болса, оларда 87 054 бас мал (3-кесте).

3-кесте. Аудан бойынша мал санағы (2020ж.).

№	Мал түрі	Саны (бас мал)
1	Мүйізді ірі қара	41 989 (сыыр – 14 289)
2	Қой-ешкі	187 644 (саулығы – 80 680)
3	Жылқы	8 256 (бие – 3 262)

Ет-сүт шаруашылық түрі де ауданда негізгі салаларының бірі болып табылады. 2020 жылғы көрсеткіштер бойынша:

1. Ет өнімі (тірі салмағымен) — 108140 цн. (10814 тн.);
2. Сүт - 329272 цн. (32927,2 тн.);
3. Жұмыртқа - 7198,4 мың дана.

Басты кәсіпорын Жамбыл облысы Жуалы ауданы Б.Момышұлы ауылында орналасқан «Бурный сүт компаниясы» ЖШС, "Бурный сыр зауыты" ЖШС. 2021 жылы сүт өнімін молайту мақсатында жоғарыда айтыған жүгері сүрлемін басып отырғанын және осының арқасында сүт сауу көлемі өткен жылмен салыстырғанда үлкен нәтиже көрсеткені де мәлім болды. Сонымен қатар, АШӨК басшысы кооперативтің жанынан кішігірім сүт өңдеу цехы ашылды. Аудан шаруашылықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтар сүт өнімін өндіруге бейімделген. Себебі, жұмыс істеп тұрған және жаңадан ашылған барлығы 7 сүт өңдеу цехтарының арқасында сүт өткізу мәселесі толығымен шешімін тапқан.

Қорытынды. Жуалы ауданының табиғи жағдайын шаруашылығын агроөнеркәсібін зерттей келе мынандай қорытындыға келдім. Өз ойымды ұсыныс ретінде білдіруді жөн көрдім.

1. Біріншіден, аудан экономикасын дамытудың басты бағыты агроөнеркәсіптік кешен болып саналатындықтан, ауыл шаруашылығында заман талабына сай қажетті индустриалды техниканы пайдалануды дамыту, бөлінген техниканы барынша игеру.

2. Екіншіден, Тараз қаласын сүт өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған «Бурный сүт компаниясы» ЖШС, "Бурный сыр зауыты" ЖШС сүт өнімін көбейтіп, осы цехтардың жүктелімін арттырып, аудан экономикасын көтеру.

3. Үшіншіден, әр ауылдық округте кооператив құрып, сүрлемдік жүгері егістігін көбейту. Бұл жоспарлы жұмыс нәтижесінде бір сиырдан алынатын сүт көлемі көбейеді, сүт зауыттарының жүктелімі мен ауыл тұрғындарының экономикалық жағдайы артады және жоғары өнімге қол жеткізу үшін су үнемдеу технологиялары көптеп қолданылатын болады.

4. Төртіншіден, мал шаруашылығын, құс шаруашылығын дамытудың маңызы зор. Себебі, ауданда жайылымдық жерлер жетерлік. Әсіресе, ірі қара, қой, жылқы шаруашылықтарын әрі қарай дамытуға қолайлы. Сол орайда ірі фермерлік шаруа қожалықтарын, құс фабрикаларын ашу қажет.

Бұдан басқа да ауданды көрсейту, абаттандыру, экологиясын жақсарту, мәдениет ошақтарын, демалыс орындарын және саябақтар салу басты назар аударатын мәселелер болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. О Стратегии индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2003-2015 годы: Указ Президента Республики Казахстан от 17.05.03, № 1096 // САПП. – 2003.
2. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауы. – Астана, 2010.
3. О внесении изменений в решение Жуальинского районного маслихата от 14 апреля 2020 года № 63-3 «Об утверждении плана управления и пользования пастбищ Жуальинского района за 2020-2021» годы» 11.09.2020.
4. <https://www.facebook.com/profile.php?id=100074082309754> парақшасы
5. <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-zhualy?lang=kk> сайты
6. <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl?lang=kk> сайты